

Мазмұны

1	Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Соқпалы аспаптар» пәні бойынша білім беру бағдарламасы	3
2	Образовательная программа по предмету «Ударные инструменты» детских музыкальных школ музыкальных отделений детских школ искусств	25

**Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері
музыка бөлімдерінің «Соқпалы аспаптар» пәні бойынша
білім беру бағдарламасы**

1. Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Соқпалы аспаптар» пәні бойынша білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Соқпалы аспаптар» пәні бойынша оқытудың мақсатын, нәтижелерін және мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешенін анықтайды.

2. Осы бағдарламада келесі түсініктер қолданылады:

1) адажио – баяу музыкалық темп, басты музыкалық қимылдардың екінші деңгейі, ларгоға қарағанда жылдамырақ (ең баяу ритм), бірақ андантеден баяу;

2) анданте – музыкалық термин, музыкалық шығарма орындалуға тиіс музыкалық жылдамдықты белгілейді, және минутына 76-дан 108-ге дейінгі соққыға дейін темпіне сәйкес келеді, адажио мен модерато арасында орналасады;

3) аппликатура – музыкалық аспапта ойнау кезіндегі саусақтардың орналасу және алмасу тәртібі;

4) арпеджио – фортопианода, бірнеше клавишалық (ксилофон, виброфон) және ішекті аспаптарда аккордтардың дыбысы бірінен соң бірі шығатындай аккордтарды орындау тәсілдері;

5) арпеджио – аккордтың үні бірінің артынан бірі жалғасатын кейбір клавиштермен (ксилофон, виброфон) және ішекті аспаптармен фортепианода аккордтарды орындау тәсілі;

6) барабанды екі таяқшамен кезекпен жылдам ұру – барабанда ойнау тәсілі – таяқшалар соққысын жылдам ауыстыру;

7) вибрато (тремоляция) – саусақтармен жылдам алмастырып ішектерді ұру.

8) глиссандо – бір дыбыстан келесі дыбысқа сырғуды білдіретін музыкалық термин, штрих; реңктік әсер береді;

9) димидуэндо – дыбыс күшінің бірте-бірте азаюын білдіретін музыкалық термин;

10) доминантсептаккорд – терция бойынша орналасқан немесе орналасуы мүмкін төрт дыбыстан тұратын аккорд;

11) крещендо – дыбыс күшінің бірте-бірте көбеюін білдіретін музыкалық термин;

12) метроном – тең соққылармен қысқа уақыт аралығын белгілейтін құрылғы;

13) мецце форте – дыбысталу деңгейінің ерекшеліктерімен байланысты, музыкадағы серпін түсініктері мен ноталық түсініктердің жиынтығы;

14) музыка теориясындағы гамма – іргелес сатылары бір-бірінен толық дыбысқа, немесе жартылай дыбысқа қалып отыратын, белгісіз созылыңқылықтағы дыбыстардың қатары. Гамма мектептік орындау тәжірибесінде жоғары немесе баяу октавалық дыбыстар қатарын білдіреді;

15) умерато – ритмнің музыкалық мағынасы: қоңыржай, анданте мен аллегроның арасында;

16) музыкадағы мажор – үйлесімді үндестіліктің ладтарының бірі. Мажорлық дыбыстар қатарының сипаттық ерекшелігі – бірінші сатыдан үлкен терцияға артта қалатын оның үшінші деңгейі;

17) музыкадағы минор – үйлесімді үндестілік ладының бірі. Минорлық дыбыстық қатарға тән ерекшелік — бірінші сатыдан кіші терцияға қалып артта қалатын оның үшінші сатысы.

18) остинато (итальяндық *ostinato*, латындық *obstinatus* — жігерлі, қыңыр) – музыкалық композицияның әдісі мен техникасы, сазды сөз орамын бірнеше рет қайталау (сазды остинато), ритмикалық фигуралар (ритмикалық остинато) немесе үйлесімді айналым (үйлесімді остинато);

19) орындаушылық аппарат – ойын процесіне қатысатын және өзара күрделі жүйке - бұлшық ет қызметімен байланысқан физиологиялық органдардың кешені;

20) септаккорд – терция бойынша орналасқан немесе орналасуы мүмкін төрт дыбыстан тұратын аккорд;

21) тремоло – мелизм түрлері. Ішекті, клавишалық, соқпалы және басқа да музыкалық аспаптарда ойнаудың түрлері: бір дыбысты жылдам көп мәрте қайталау немесе көршілес емес екі дыбыстың, екі дыбыс үндестігінің жылдам алмасуы;

22) триоль –, дыбысталу уақыты бойынша есепте сол ұзақтықтағы екі нотаға тең келетін, бірдей ұзақтықтағы үш нотадан тұратын топ;

23) үшдыбысты – терция бойынша орналасқан үш дыбыстан тұратын аккорд;

24) форте – дыбысталу деңгейінің ерекшеліктерімен байланысты, музыкадағы серпін түсініктері мен ноталық түсініктердің жиынтығы;

25) штрихтар – дыбыс құрайтын ноталарды, (ноталар тобын) орындау тәсілі (амалы және әдісі).

3. Бағдарламаның мақсаты: соқпалы аспаптарда ойнау бойынша алған білім, білік және дағдылары негізінде білім алушылардың музыкалық-шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау.

4. Бағдарламаның міндеттері:

Оқыту:

1) музыкалық шығармаларды соло және ансамбльде сауатты орындауға мүмкіндік беретін соқпалы аспаптарда ойнау білімін, білігін және дағдыларын меңгеру;

2) бағдарламалық талаптарға сәйкес соқпалы аспаптарға арналған әртүрлі жанрдағы және формадағы шығармаларды меңгеру және орындау;

Дамыту:

1) үйлесімді есту қабілетін, ритмді сезуін, музыкалық есте сақтау жадын, шығармашылық қиялын, әртістік қабілеттерін дамыту;

2) бейнелі ойлауын, музыканы эмоциялық қабылдауын, білім алушылардың шығармашылық қызметке оң уәждемесін қалыптастыру;

3) музыкалық ой-өрісін кеңейту, білім алушының жеке қабілетін дамыту;

Тәрбиелік:

1) музыкалық, орындаушылық талғамды, музыканы дұрыс қабылдауға, музыкалық шығармаларды тыңдай білуге тәрбиелеу;

2) отандық және әлемдік мәдени құндылықтарды, салттарды, халық шығармашылығының үздік үлгілерін меңгеру арқылы өнерге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу;

3) музыка өнерін тану арқылы рухани, адамгершілік, эстетикалық, патриоттық, интернационалдық тәрбие беру;

3) білім алушының кәсіби оқыды жалғастыруға саналы уәждемесін қалыптастыру.

5. Бағдарламаны іске асыру мерзімі – бес жыл.

Негізгі, жалпы орта білімді аяқтамаған, бірақ музыка саласындағы техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсуді жоспарлап отырған балалар үшін, білім алушылардың ата-аналарының немесе оның орнын басатын тұлғалардың сұранысы бойынша білім беру бағдарламасын меңгеру мерзімі бір-екі жылға ұлғайтылады.

6. Бағдарлама болашақ әуесқой музыканттың әрі қарайғы тәжірибелік қызметі үшін қажетті, соқпалы аспаптарда ойнау тәсілдерін тереңірек меңгергісі келетін тоғыз жастан асқан балаларды оқытуға арналған.

7. Бағдарлама музыкалық дарындылығы, дайындығы және жалпы дамуы түрлі деңгейдегі балаларға арналған. Оқу жүктемесінің көлемі үлгілік оқу жоспарында анықталған. Бағдарламаны меңгеру қорытынды аттестациямен аяқталады.

8. Педагог бағдарламаның мақсатына жету үшін білім беру процесінің тек өзара байланыстың тиімділігіне себеп болатын келесі негізгі қағидаттарға:

1) сабақтың жүйелілігі және тұрақтылығы;

- 2) оқу процесінің мақсаттылығы;
- 3) бірізділік және жүйелілік;
- 4) қолжетімділік және дараландыру;
- 5) жұмысқа деген талапты бірте-бірте көтеру және бастаған жұмысты аяғына дейін жеткізу;**
- 6) саналылық және белсенділік;**
- 7) материалдың қайталануы;**
- 8) көрнекілік;**
- 9) білім алушының теориялық және практикалық қызметінің тұтастығы;
- 10) білім алушы жас және жеке ерекшеліктерін белгілеу;
- 11) оқытудың жеке және топтық формаларын үйлестіру.

9. Бағдарлама баланың шығармашылық және рухани-адамгершілігін өзін өзі анықтауын, тұлғаны дамытудың жеке траекториясына бағытталған вариативтік білім беруді қамтамасыз ететін жеке бағдарлану жүйесімен жүзеге асады.

10. Бағдарлама білім алушылардың:

- 1) қажетті музыкалық сауаттылық деңгейіне сәйкес музыкалық шығармаларды шығармашылықпен орындауға мүмкіндік беретін соқпалы аспаптарда ойнау білімін, білігін және дағдыларын меңгеру;
- 2) білім алушының шығармашылық қызметі тәжірибесін алуы;
- 3) білім алушының әлем халықтарының рухани және мәдени құндылықтарын меңгеруі;
- 4) музыкалық білім алуы және музыкалық мәдениетке араласуы;
- 5) білім алушының бойында музыка өнері саласындағы негізгі кәсіби білім беру бағдарламаларын әрі қарай меңгеруіне ықпал ететін білім, білік және дағдылар кешенін қалыптастыруға ықпал ететін жеке қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған.

11. Психологиялық-педагогикалық қолдау:

- 1) білім алушының даралығына сәйкес оның тұлғалық, зияткерлік және әлеуметтік дамуына, өзін өзі кәсіби анықтауына, зияткерлік-тұлғалық мүмкіндіктерін ескере отырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау;
- 2) білім алушының бойында оқуға оң уәждемелерін қалыптастыру;
- 3) білім алушының тұлға ретінде дамуына және өзін өзі жетілдіруіне ықпал ететіндей тұлғаға өзін өзі тануда, олардың өзіне шынайы баға беруіне және нақты өмірлік жағдайларда бейімделуінде, қиын жағдайларды жеңуде және эмоциялық тұрақтылыққа қол жеткізуде көмек көрсету;
- 4) бағдарламаның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес білім алушыға психологиялық көмек көрсетуге және қолдауға бағытталған.

12. Пәннің мақсаты қол жеткізу және міндеттерін іске асыру үшін оқытудың келесі әдістері қолданылады:

- 1) ауызша – әңгіме, әңгімелесу, түсіндіру;
- 2) көрнекі құралдар – педагогтің аспапта шығарманы орындауы, бақылауы, интерактивтік және мультимедиалық таныстыруды көрсету;
- 3) практикалық – аспаппен жұмыс, дайындық жаттығулары, шығарманы өз бетінше талдау, шығарманың жеке бөліктерімен жұмыс;
- 4) талдау – салыстыру және жалпылау, қисынды ойлауды дамыту;
- 5) эмоциялық – ассоциацияларды, бейнелерді, көркемдік әсерлерді таңдау, музыкалық бейнелі ойлауды дамыту.

13. Әдістерді таңдау білім алушының жасына және жеке ерекшеліктеріне, физикалық қабілеттері, шығармашылық қабілеттерінің даму деңгейіне байланысты болады. Оқу процесі қарапайымнан күрделіге қарай құрылады.

14. Сабақтың формалары:

- 1) практикалық – ойнау тәсілдері мен дағдылары аспапта ойнау арқылы пысықталады;
- 2) топтық сабақтар ансамбльде ұжыммен музыка ойнау мақсатында өткізіледі;
- 3) дайындық-концерттік (дайындық және концерттік нөмірлерді көпшілік алдында көрсету);
- 4) байқаулар;
- 5) ойын сабағы - сабақ барысында ойын технологияларын қолдану;
- 6) экскурсия сабағы және басқалары.

15. Білім алушыға қажетті орындаушылық дағдыларды және біліктерді үйрету мазмұны, сипаты және стилі жағынан түрлі көркемдік шығармалармен жұмыс істеу барысында іске асырылады, ал музыкалық тәрбие беру халық музыкасын, қазақстандық, орыс және шетел композиторларының шығармашылығын үйретуге негізделеді.

16. Бағдарламаның ерекшелігі балалардың соқпалы аспаптарда ойнау бойынша білім, білік және дағдыларды, шығармашылық қызмет тәжірибесін, жеке және ансамбльде орындау тәсілдерін алуға жалпы бағытталуы болып табылады.

17. Ұжымдық музыка ойнаудың негізгі практикалық міндеттері – ансамбльдің дыбысталуын тыңдай білу, бірыңғай ритмикалық қағысты сезіну, келісілген түрде және өзгермелі икемді қағыста көркем ойнау, бірге орындау, ансамбль қатысушыларымен әрекеттесу сияқты ансамбльде ойнаудың арнайы дағдыларын қалыптастыру.

18. Бағдарлама білім алушының жас және жеке ерекшеліктерін ескереді, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға, негізгі және пәндік құзыреттіліктеріне (оқу пәні шеңберінде

меңгерілген арнайы білім, білік және дағдылар) қол жеткізуге бағытталған.

19. Сыныпта оқу-тәрбие жұмыстың негізгі түрі білім алушының теориялық білімді теориялық білімді практикамен бір уақытта алатын сабақ болып табылады. Сабақтың жеке түрлерін педагогпен немесе басқа білім алушылармен ансамбльде ойнаумен байланыстырған пайдалы. Әр білім алушы үшін сабақты жүргізудің түрлі формалары, темпі мен тәсілдері қолданылады.

20. Жұмыстың сабақтан тыс түрлері:

1) оқу бағдарламасын дайындау бойынша өз бетінше жүргізілетін сабақтар;

2) бақылау сабақтарына, сынақтарға және емтихандарға дайындық;

3) концертте, байқауда өнер көрсетуге дайындық;

4) шығармашылық және мәдени-танымдық іс-шараларға қатысу;

5) филармонияларға, театрларға, концерттік залдарға, мұражайларға және басқаларға бару;

6) музыкалық қайраткерлерімен, орындаушылармен, композиторлармен кездесулер қолданылады.

21. Жеке оқытудың ерекшелігі әдісті, құралды, оқытудың түрі мен репертуар жиынтығын таңдауға вариативтілігін болжайды.

22. Сыныпта жұмыс істеу үшін репертуарды таңдау әр нақты білім алушының жеке ерекшеліктеріне, оның музыкалық қабілеттеріне және еңбекқорлығына байланысты.

23. Оқу репертуарының түрлі жанрдағы және стильдегі шығармалармен толығуы музыкалық материалды меңгеруге, салыстыруға, жүйелендіруге жақсы жағдай туғызады.

24. Педагог бағдарлама репертуарын тандай келе көркем құндылық, тәрбиелік мәні, музыкалық мәтіннің қолжетімділігі, жанрлар мен стильдердің түрлілігі, болашақ концерттік бағдарламаны құрастыру қисындылығы қағидаларын басшылыққа алады.

25. Оқу жұмысында автордың ойы сақталған және соқпалы аспаптарға тән ерекшеліктер кеңінен қолданылған, басқа аспаптарға арнап жазылған шығармалар қолданылады.

Музыкалық шығармамен жұмыс істеу барысында меңгеретін шығарманың көркем және техникалық жақтары арасындағы байланыс есепке алынады.

26. Педагог бағдарламаны заманауи музыка мектептерінде іске асыруда интерактивті білім беру технологияларын, сабақтардың классикалық және дәстүрлі емес түрлерін қолданады.

27. Сыныптағы оқу-тәрбие жұмысының негізгі формасы педагогтің білім алушымен жеке жүргізетін сабағы болып табылады.

Жеке сабақтар педагогпен немесе басқа білім алушылармен ансамбльде ойнаумен үйлестіріледі.

28. Сабақтардың бағдарламалары білім алушы теориялық білімді практикамен бір уақытта алатындай құрылады.

29. Сабақпен қатар жұмыстың сабақтан тыс түрлері жүргізіледі:

- 1) ансамбльде ойнау;
- 2) концерттік, байқаулық қойылымдарға дайындық;
- 3) шығармашылық және мәдени-ағартушылық іс-шараларға қатысу;
- 4) филармонияларға, театрларға, концерттік залдарға, мұражайларға және тағы басқаларға бару;
- 5) музыка кайраткерлерімен, орындаушылармен, композиторлармен кездесулер.

30. Осы бағдарлама негізінде педагог білім беру процесін ұйымдастырудың анықталған осы сынып үшін ұтымды және барынша тиімді мазмұнын, әдістерін және тәсілдерін анықтайтын оқу жұмыс бағдарламасын әзірлейді.

31. Оқу жұмыс бағдарламасының құрылымдық элементтері:

- 1) титул парағы;
- 2) түсінік хат;
- 3) оқу қызметін жоспарлау;
- 4) оқу процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.

32. Титул парағындағы негізгі мағлұматтар:

- 1) білім беру ұйымының аталуы;
- 2) оқу пәнінің аталуы;
- 3) оқу жұмыс бағдарламасы арнайы әзірленген сыныпты көрсету;
- 4) оқу жұмыс бағдарламасының әрекет ету мерзімі (оқу жылы);
- 5) педагог туралы қысқа мағлұмат;
- 6) білім беру ұйымы басшысының оқу жұмыс жоспарын бекіткендігін белгілеуге арналған орын.

33. Түсінік хаттың мазмұны:

1) оқыту процесінде қолданылатын білім беру бағдарламасы, оқу құралдары, оқулықтар;

2) аталған сыныпта пәнді оқыту барысындағы өзекті педагогикалық мақсат пен міндеттер;

3) аталған сыныпта оқытудың ерекшеліктері (дамытушылық, түзетушілік-дамытушылық, дарынды балалармен және тағы басқа жұмыстар);

4) аталған сыныпта жұмысты ұйымдастырудағы ерекшеліктер мен мәселелер;

5) өзгерудің себебі мен мақсаттылығын көрсете отырып, бөлек тақырыптық блоктарды (тарауларды) меңгеру мерзімдерін және/немесе уақытын өзгерту туралы ақпарат.

34. «Оқу қызметін жоспарлау» тарауы білім алушылардың қызметінің сипаттарын ерекшелейтін тақырыптық күнтізбелік жоспардан, сыныптар бойынша репертуарлық тізбеден құралады.

35. «Оқу процесін оқу-тақырыптық қамтамасыз ету» тарауының мазмұны:

- 1) білім алушыға арналған танымдық әдебиеттер тізбесі;
- 2) педагогке арналған әдістемелік әдебиеттер тізбесі;
- 3) оқу-көрнекілік құралдардың тізбесі.

36. Педагогтің оқу жұмыс бағдарламасы әдістемелік кеңестің отырысында қарастырылады және білім беру ұйымының басшысы оқу жылы басталғанға дейін бекітеді.

37. Педагог оқу жұмыс бағдарламасы негізінде әр білім алушыға арналған оқытудың жеке жоспарын құрады. Жеке жоспар білім алушының музыкалық және рухани-адамгершілік дамуының үйлесімді процесін сипаттайды.

38. Білім алушының жеке жоспары әр жартыжылдыққа құрылып, оны білім беру ұйымының басшысы бекітеді, журналға немесе білім алушының жеке іс қағаздарына енгізіледі.

39. Білім алушының жеке жоспарын құру барысында жеке жұмыстың болашақ және ағымдағы міндеттері ескеріліп, оқу жылының басы мен соңындағы оның мінездемесіне сәйкес құрастырылады.

Бір сыныптың өзінде бағдарламаны іске асыру бойынша жеке жоспарлар, концерттік және емтихандық бағдарламалар күрделілік деңгейі бойынша бірі бірінен біршама ерекше болуы мүмкін.

40. Білім алушының жеке жоспары репертуарлық кең үрдісті, халық, классикалық және композиторлық техниканың элементтері бар заманауи музыканы енгізу арқылы репертуарды жаңартуды және байытуды көрсетеді.

41. Оқу процесінің дұрыс ұйымдастырылуы, білім алушының музыкалық-орындаушылық қабілеттерінің табысты және жан-жақты дамуы толығымен алғанда жұмыстың мұқият жоспарлануына, репертуардың дұрыс іріктелуіне тікелей байланысты болады.

42. Педагог әрбір білім алушының музыкалық қажеттіліктерін және дарындылық ерекшелігін ескеріп, әрқайсысына жеке репертуарлық стратегия әзірлейді.

43. Педагог музыкалық шығармалардың жеке репертуарлық тізбесін қалыптастырады, шығармаларды жүйеге келтіреді және білім алушының жеке мүмкіндіктеріне сәйкес репертуарды толықтырады.

44. Репертуарлық тізбе қазақ, орыс, шетел музыкасы, көркемдік деңгейі жоғары заманауи композиторлардың балалар мен жасөспірімдерге арналған пьесаларын, мультфильмдерден, балаларға

арналған кинофильмдерден алынған танымал әндерді, халық музыкасын және басқаларды қамтиды.

45. Педагог оқу процесінде ладтық, үндестілік, ритмдік және әуендік ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ халық әндері мен күйлерінің өңдеулерін, қазақстандық композиторлардың шығармаларын кеңінен қолданады.

46. Оқу репертуарының әр түрлі жанрлардағы және стильдердегі шығармаларға қанық болуы музыкалық материалды оқу, салыстыру, жүйелеу үшін оңтайлы жағдай туғызады.

47. Репертуар заманауи отандық және шетел композиторлары шығарған үздік пьесаларды қамти отырып жүйелі түрде жаңартылады және кеңейтіледі.

48. Педагог күрделілігі төмендеу тапсырмадан мейлінше күрделі тапсырмаға біртіндеп ауысып, білім алушыға көркемдік мазмұны жағынан, сондай-ақ орындау техникасы жағынан қолжетімді болатындай материалдарды тандай отырып, оқыту әдістемесін және білім алушының репертуарын мұқият ойластырады.

49. Педагог репертуармен жұмыстың аяқталу деңгейін анықтайды, шығармаларды үйрену кезеңдерін белгілейді, бағдарламаның көлемін және күрделілігін түрлендіреді, әр білім алушының тұлғалық және жеке тәсілдерді ескеретін жаңа репертуардың есебінен репертуарлық тізбені толықтырады.

50. Педагог репертуармен жұмыс істеу барысында шығармалардың бір бөлігі көпшілік алдында немесе концертте (емтихандық) орындауға, қалған бөлігі – сыныпта жұмыс істеуге немесе таныстыру мақсатына арналатындығын ескереді.

51. Жеке жоспарға білім алушының музыкалық орындаушылық, көркемдік, техникалық мүмкіндіктерінен жоғары және оның жас ерекшеліктеріне сәйкес келмейтін шығармалар енгізілмейді.

52. Білім алушының музыкалық ой-өрісін кеңейту үшін, сыныпта егжей-тегжейлі оқытылатын шығармалардан бөлек, жұмыстың түрлі аяқталу деңгейіне жол бере отырып, жаттап алуды талап етпей, түрлі сипаттағы пьесалардың қатарымен таныстырылады.

53. Жеке жоспардың міндетті тараулары:

- 1) гаммалармен жұмыс;
- 2) этюдтермен және жаттығулармен жұмыс;
- 3) классикалық және заманауи авторлардың пьесаларын орындау;
- 4) Қазақстан композиторларының шығармаларын орындау;
- 5) халық әндерінің және билерінің өңдеулері;
- 6) ансамбльдің құрамында жұмыс істеу;
- 7) ноталарды парақтан оқу дағдылары.

54. Әр жарты жылдықтың соңында педагог білім алушының тапсырманы орындау сапасын белгілейді және бекітілген репертуарлық

тізбеге өзгерістер енгізеді, жылдың соңында музыкалық және техникалық дамуына, жетістіктері және еңбек қабілеттеріне сипаттама береді.

55. Жылдың соңындағы білім алушыға берілген мінездеме даралығының келесі жақтарын ашып көрсетеді:

- 1) музыкалық қабілеттерінің деңгейі (естуі, ритмі, жады);
- 2) білім алушының аталған аспапқа деген орындаушылық аппаратының сәйкестігі;
- 3) аспапқа икемделу деңгейі;
- 4) жалпы дамуы, эмоциялығы, қабылдауы, реакциясының жылдамдығы;
- 5) музыкамен айналысуға деген көзқарасы;
- 6) еңбекке қабілеттілігі, жинақылығы;
- 7) өз бетімен жұмыс істеу білігі;
- 8) мәтінді талдаудағы сауаттылық дәрежесі;
- 9) музыкалық шығармаларды меңгеру жылдамдығы;
- 10) жылдың соңындағы жетістіктері;
- 11) білім алушының музыкалық-техникалық дамуындағы кемшіліктері және оларды жеңу бойынша міндеттері.

56. Білім алушыны сипаттауда мақсатқа жетуге ұмтылуы, көркемдік қиялының болуы, аспапты еркін игеруі, техникалық жағынан еркіндігінің болуы сияқты жеке қасиеттері көрсетіледі.

Педагог баланың барлық ерекшеліктерін ескереді және жағымды жақтарын баса назар қойып және дамыта отырып, осы қабілеттерін педагогикалық процесте оңтайлы пайдаланады.

57. Оқыту мен тәрбие берудің тиімді құралы білім алушының шығармашылық белсенділігін ынталандыратын әртүрлі көркемдік көріністерді тұтас тануына тарта отырып, пәнаралық байланысқа сүйену. «Соқпалы аспаптар» пәнінің үлгілік оқу жоспарындағы «Сольфеджио», «Қазақ музыка әдебиеті», «Әлем музыка әдебиеті», «Ұжымдық музыка ойнау» пәндерімен пәнаралық байланысы.

58. 1 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) білім алушы соқпалы аспаптардың тобымен: ксилофон, кіші барабан, аспаптардың құрылымымен танысады, қолды қоюды және дыбыс шығару қағидаттарын меңгереді;

2) сабақтар «жастықта», сондай-ақ тікелей аспапта жүргізіледі. Жалғыз соққылар әр қолмен жеке, сондай-ақ оң және сол ауыстырумен игеріледі. 1 белгіге дейінгі мажорлық гаммалар, сондай-ақ үшдыбыстылықтар;

3) кіші барабан: оң және сол қолды қоюға арналған сабақтар әсіресе оқытудың бастапқы кезеңінде маңызды. Жалғыз соққыларды, сонымен қатар түрлі ритмикалық жаттығуларды (төрттік, сегіздік, он алтылық) пысықтау;

4) тремоло тәсілімен танысу. Тремоло мен ритмдік жаттығуларды орындаудың қарапайым тәсілдерін пысықтау;

5) білім алушы оқу жылының ішінде ксилофонда 1 белгіге дейінгі мажорлық және минорлық гаммаларды, гаммалардағы жаттығуларды, 2-4 этюдті, 4-6 пьесаны меңгереді, кіші барабанда 8-10 ритмикалық этюдтер мен жаттығуларды меңгереді.

59. 1 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Соқпалы аспаптар тобымен танысу. Теориялық мәліметтер.

Оркестрлік музыкадағы ксилофон мен кіші барабанның міндеттері. Сабақтағы қауіпсіздік ережелері. Қауіпсіздік техникасының ережелері мен өрт қауіпсіздігі.

2-тақырып. Ксилофон: аспаптар құрылымы және оны қолдану ережесі. Ксилофонды жасау тарихы. Лад (минор, мажор) туралы түсінік. Мажор мен минорды естуі арқылы анықтау, аталған ладтардың мәнерлік мағынасы.

Қолдың қалпы, баяу ритмде жалғыз-жалғыз соққылар арқылы жаттығулар.

3-тақырып. Кіші барабан: аспаптар құрылымы мен онымен қолдану ережесі. Қолдың қалпы, саңылаусыз барабанда жаттығу. Бөлек оң және сол қолмен жалғыз соққылар. Кіші барабанға арналған ритмдік жаттығулар.

4-тақырып. Музыканы тыңдау. Соқпалы аспаптарда ойнайтын атақты орындаушылардың шығармашылығымен танысу. Шығарманы талдау.

5-тақырып. Музыкалық сауаттылықтың негіздері. Музыкалық дыбыс туралы түсінік. Дыбыстардың атауы. Жоғарлығына қарай дыбыстарды ажырату. Альтерацияның таңбалары. Ноталық стан (нотаұстаушы). Скрипка кілтінде ноталардың орналасуы. Ұзақтықтары (толық, жарты, тоқсандық, сегізінші, он алтыншы). Өлшемдері 2/4, 3/4, 4/4. Серпіні (форте, пиано). Ритмдер – орыс және итальяндық мағынасы: *moderato*, *andante*, *adagio*.

6-тақырып. Жаттығулар, гаммалар, этюдтер. Саңырау барабандағы жаттығулар. Жалғыз соқпалылар. Этюдтер мен гаммаларды меңгеру.

7-тақырып. Ксилофон: қолдың қалпы. Бір ритмде жалғыз-жалғыз соққылармен (тірекке) жаттығуларды жаттау және орындау. Баяу ритмде қолдың дұрыс және анық қимылдармен жұмыс істеу. Бірқалыпты ритмде қолдың дұрыс және анық қимылдарымен жұмыс істеу.

8-тақырып. До мажорды гаммасын жаттау және орындау. Ли минорды гамманы жаттау және орындау. Гаммаларды и арпеджионы жаттау және орындау. Бірқалыпты ритмде (1 немесе 2 октавалар)

ширектік және сегіздік созылыңқылықпен до мажор мен ля минор үндестілігінде үшдыбыстылықты жаттау және орындау. Гаммаларда жаттығуларды орындау: гамманың әр сатысында екі және төрт соқыдан. Орындаудың қарапайым тәсілдерін жаттау және өңдеу, оны дамыту үшін тремоло және түрлі жаттығулар.

9-тақырып. Кіші барабан: қолды қою. Біртіндеп шапшаңдату мен бәсеңдеу арқылы баяу ритмде «қарапайым қос» жаттығулары.

10-тақырып. Шығармалармен жұмыс. Дыбыс шығару. координацияларды, аппликатура, штрихтарды дамыту.

11-тақырып. Ксилофон: мажорлық және минорлық гаммалар, үш дыбыстылықтың арпеджиосы ширектік және сегіздік созылыңқылы бір дыбыспен үндес. Тремолоны дамыту үшін жаттығулар. Пьесаларды жаттау.

12-тақырып. «Қарапайым қос соққы» жаттығуларын бірқалыпты темпте, баяу темпте, шапшаңдатумен жаттау және өңдеу. «Қарапайым қос» жаттығуларын баяулатумен жаттау және өңдеу (ең қабілетті білім алушылар үшін кері серпіліспен «күрделі қос соққылар» жаттығулары. Ноталар мен үзілістердің ұзақтылығына байланысты жаттығуларды 2/4, 3/4, 4/4 мөлшерлерінде (тактің қатты бөлігіне екпін түсіріп) жаттау және өңдеу (бүтін, жартылық, ширектік, сегіздік, оналтылық).

13-тақырып. Парақтан оқу. Бағытталған зейінді тәрбиелеу.

14-тақырып. Тремоло тәсілін меңгеру. Ксилофон: гамманың әр сатысында екі және төрт соққыдан гаммада жаттығулар. Оны дамыту үшін тремоло мен ритмикалық жаттығуларды орындау қарапайым тәсілдер. Этюдтерді, пьесаларды жаттау.

15-тақырып. Кіші барабан: қайталанған соққыларға мен кері серпілістерге машықтану. Кіші барабанға арналған ритмдік жаттығулар.

60. 1 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

1 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) ксилофон мен кіші барабанның құрылысын біледі;
- 2) ксилофон мен барабанды ұстау ережесін біледі;
- 3) ксифолонда қолды қоюды біледі;
- 4) ксифолонда бір ритмде бір соққылы (бір пластинадан) жаттығуды орындайды;
- 5) ксифолонда екі тәсілмен: білезікпен және білекпен ойнау жаттығуларын орындай біледі;
- 6) талаптарға сәйкес негізгі музыкалық терминдерді біледі;
- 7) қолды қоюды, саңырау барабандағы жаттығуларды біледі;
- 8) кіші барабанда гамманың, этюдтың жаттығуларын орындай біледі;
- 9) дыбысталу мен ритмнің нақтылығын бақылау дағдыларына ие;

- 10) қағаздан оқудың алғашқы дағдыларына ие;
- 11) тремолоны орындауды дамытудың тәсілдеріне ие;
- 12) ксилофонда ритмдік жаттығуларды, этюд пен пьесаны орындайды.

61. 2 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) ойын аппаратын және техникалық дағдыларды дамыту. Кіші барабанда қолды қою бойынша сабақтарды жалғастыру. Гаммалар, этюдтер жаттығуларды ксилофон мен кіші барабанда жаттап алу. Ноталарды парақтан оқу. Зейінді, өзін-өзі талдауды дамыту. Тремоло тәсілдерін меңгеру;

2) $2/4$, $3/4$, $4/4$ мөлшеріндегі ауыспалы ритмде түрлі комбинацияларды ноталардың созылыққылығымен орындауды одан әрі дамыту. Нүктелі нота. 4-6 жаттығулар немесе этюдтер, пионерлік барабанды екі таяқпен кезек-кезек жылдам соғу;

3) оқу жылының ішінде ксилофонда мажорлық және минорлық гаммаларды, үшдыбыстылықты, екі октавада 2 белгіге дейін қоса арпеджионы, 8-10 жаттығуларды және этюдтерді, ансамбльді қоса алғанда 4-6 пьесаны меңгереді;

4) кіші барабанда қажетті оңай ритмикалық жаттығуларды меңгеру қажет: сегіздік, триоли, он алтылық, сегіздік және екі оналтылық, сегіздік нүктемен және оналтылық.

62. 2 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Ойын аппаратын бекіту және дамыту. Оң және қолмен соқылардың мөлшерлестік күшін жетілдіру. Ксилофон: тікелей қозғалысты қоса алғанда бір белгіге дейін екі октавадан мажорлық және минорлық гаммалар. Жаттығуларды, пьесаларды жаттау.

2-тақырып. Музыканы тыңдау. Атақты соқпалы аспаптар орындаушыларымен шығармашылығымен танысу. Шығармаларды талдау.

3-тақырып. Кіші барабан. «Қарапайым қос соққылар» жаттығуларды шапшаң және баяу, «күрделі қос соққылар» бірқалыпты қоңыржай ритмде орындау. Жаттығуларды, пьесаларды жаттау.

4-тақырып. Техникалық дағдыларды дамыту. Ксилофон: екі белгіге дейін қоса алғанда екі октавадағы үндестілікте мажорлық және минорлық гаммалар, үшүндестілік арпеджио. Жаттығуларды, пьесаларды жаттау.

5-тақырып. Кіші барабан: нүктелі нота (пунктирлі ритм, мүмкіндігінше қарапайым түрдегі триоли). Пьесаларды жаттау.

6-тақырып. Шығармалармен жұмыс. Мәтінді тура орындау, ерекшеліктері. Динамика. Ксилофон: үш белгіге дейін қоса алғанда екі октавадағы үндестілікте мажорлық және минорлық гаммалар,

үшдыбысты арпеджио. Гамманың әр сатысында 2, 3, 4 соққыдан гаммалардағы жаттығулар. Жаттығуларды, пьесаларды жаттау.

7-тақырып. Кіші барабан: кіші барабанға арналған ритмдік жаттығулар.

8-тақырып. Қағаздан оқу. Өзін-өзі талдау.

9-тақырып. Тремоло тәсілі. Ксилофон. Жұмсақ ритмде екі октавада өткен гаммаларды қайталау. Жаттығулар және этюдтер. Түрлі сипаттағы пьесалар.

10-тақырып. Кіші барабан: пионерлік барабан. Этюдтерді жаттау. Тремоло тәсілін дамыту (даңғыр).

63. 2 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

2 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) ксилофонда оң және сол қол соққысы күшінің мөлшерлігіне ие болады;

2) талаптарға сәйкес музыкалық терминдердің негізін біледі;

3) тура қимылды қоса алғанда ксилофонда бір белгіге дейін екі октавада мажорлық және минорлық гаммаларды орындайды;

4) дыбысталу мен ритмнің нақтылығын бақылау дағдыларына ие;

5) қағаздан оқудың алғашқы дағдыларына ие;

6) кіші барабанда «қарапайым қос соққылар» жаттығуларды шапшаң және баяу, ал «күрделі қос соққылар» тура бірқалыпты қоңыржай ритмде орындайды;

7) ксилофонда мажорлық және минорлық гаммаларды, екі белгіге дейін қоса алғанда екі октавалық үшдыбыстық арпеджио, ансамбльді қоса алғанда жаттығуларды, этюдтерді, пьесаларды орындайды;

8) кіші барабанда ойнаудың техникалық дағдыларына ие болады, жаттығуларды, этюдтерді орындайды.

64. 3 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) кіші барабанда орындаушылық аппаратты одан әрі жетілдіру. Кіші барабанда ойнаудың техникалық дағдыларын дамыту. Барабанды екі таяқшамен кезекпен жылдам ұрып орындаудың қарапайым түрлеріне жаттығуларды жаттау;

2) ансамбльде ойнау (оркестре). Ксилофонда ойнаудағы қозғалтқыш техникалық дағдыларын дамыту. Түрлі қозғалыстағы жаттығулар: әр қолмен бөлек және қолды алмастыру арқылы ойнау;

3) мажорлық және минорлық гаммалар төрт белгіге дейін екі октаваны қоса алғанда, тура қозғалыстағы үшдыбыстылық арпеджио. Жаттығуларды, этюдтерді жаттау;

4) шығармамен жұмыс. Музыкалық шығармаларды талдау. Музыкалық шығармаларды жаттау кезіндегі техникалық қиындықтар;

5) парақтан оқу дағдысын жетілдіру;

6) тремоло тәсілін меңгеру;

7) оқу жылының ішінде ксилофонда мажорлық және минорлық гаммаларды төрт белгіге дейін, үш дыбыстылық, екі октавадағы арпеджио үндестілігі 3 белгіге дейін, 6-8 этюдтер мен жаттығуларды, 4-6 этюдтерді қоса алғанда, ансамбльде орындалатын пьесаларды қоса алғанда;

8) кіші барабанда триольді ритмнің түрлі ритмдік қатынасын меңгеру қажет (сегіздік триоль, оналтылық, ширектік), «барабанды екі таяқшамен кезекпен жылдам ұрып» ойнаудың бастапқы дағдылары, парактан 6-8 этюдтердің ноталарын оқу.

65. 3 сыныптың оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Кіші барабандарға арналған ырғақты жаттығулар.

2-тақырып. Орындау аппаратын одан әрі жетілдіру. Барабанды екі таяқшамен кезекпен жылдам ұрып орындаудың қарапайым түрлеріне жаттығулар. «Күрделі қос соққылар», даңғырдың қарапайым түрлерін орындау, триольді, $4/4$, $3/4$, $4/4$ мөлшерлеріндегі сегіздік және он алтылық ноталарда жаттығулар, бір және екі нотадан форшлаг, екпіндер. Жаттығулар мен этюдтерді жаттау. Ансамбльде (оркестрде) ойнау.

3-тақырып. Музыка тыңдау. Соқпалы аспаптарда ойнайтын атақты орындаушылардың шығармашылығымен танысу.

4-тақырып. Ксилофон. Жаттығулар, гаммалар, этюдтер. Қозғалыс техникалық дағдыларын дамыту. Төрт белгіге дейін екі октавадағы мажорлық және минорлық гаммалар, тура қозғалыстағы үшдыбыстылық арпеджио. Жаттығулар мен этюдтерді жаттау.

5-тақырып. Шығармамен жұмыс. Орындауды талдау. Түрлі сипаттағы пьесаларды жаттау.

6-тақырып. Парактан оқу. Зейінді тәрбиелеу.

7-тақырып. Тремоло тәсілін меңгеру. Қайталанған соққыларды және кері серпілістерді жаттықтыру.

66. 3 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

3 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) талаптарға сәйкес негізгі музыкалық терминдерді біледі;
- 2) кіші барабанда, ксилофонда ойнаудың техникалық дағдыларына ие;
- 3) парактан оқу дағдыларын жетілдіреді;
- 4) тремоло тәсіліне ие;
- 5) орындалатын шығармаларды талдай біледі;
- 6) төрт белгіге дейін ксилофонда мажорлық және минорлық гаммаларды, үшдыбыстылықты, 3 белгіге дейін қоса алғанда үндестілігі екі октавадағы арпеджио, этюдтер мен жаттығуларды, пьесаларды, ансамбльдегі пьесаларды қоса алғанда орындайды;

7) кіші барабанда түрлі ритмдік ара қатынастағы триольді ритмдерді, этюдтерді орындайды;

8) «барабанды екі таяқшамен кезекпен жылдам ұрып» ойнаудың бастапқы дағдыларына ие.

67. 4 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) орындаушылық аппаратты жетілдіру бойынша жұмысты әрі қарай жүргізу. Ксилофонда мажорлық және минорлық гаммаларды, бір белгіні қоса алғанда екі негізгі үндестілікте тура қозғалыстағы үшдыбысты арпеджионы жаттау. Кіші барабанда «қос» жаттығуын барабанды екі таяқшамен кезекпен жылдам ұрып ойғауға көшіп және бастапқы темпке келу арқылы жылдамдатуды үйрену. 3/8, 6/8 мөлшерлері. Ансамбльде, оркестрде ойнау. 9/8, 12/8 мөлшеріндегі жаттығулар. Триоли. Екі этюд. Ньюанстарға жаттығулар: пиано, меццефортто, форте, крещендо, димидуэндо. Үш нотадан құралған форшлаг;

2) барабанда ойнау техникасын одан әрі қарай дамыту;

3) ксилофонда мажорлық және минорлық гаммаларды, төрт белгіні дейін қоса алғанға дейінгі үндестілігі екі октаваға дейінгі айналымда және тура қозғалыстағы үшдыбысты арпеджио жаттау. Темпте барабанды екі таяқшамен кезекпен жылдам ұрып ойнауға көшіп және бастапқы қайта оралып «Қос соққылар» жаттығуын орындау;

4) триольді және дуольді ритмді бір-бірімен байланыстыру арқылы одан әрі меңгеру;

5) оркестрлік партияларды парактан оқу дағдыларын дамыту. Табақта, үлкен барабанда, дабылда, үшбұрышта ойнау тәсілдерін меңгеру;

6) білім алушы оқу жылының ішінде ксилофонда: мажорлық және минорлық гаммаларды, барлық үндестіктегі үшдыбысты арпеджионы, екі октавадан тура қозғалыстағы және айналымдағы, тремолоны орындау тәсілдері, ансамбльде орындалатын пьесаларды қоса алғанда 4-6 жаттығулар және этюдтер, 4-6 пьесаларды үйренеді;

7) білім алушы кіші барабанда триольді және дуольді ритмдердің түрлі ритмдегі ара қатынасын, барабанды екі таяқшамен кезекпен жылдам ұрып орындауды дамытуды жалғастыру үшін әр қолмен үш соққыдан жылдамдату арқылы триолиді, 3/8, 6/2 мөлшердегі қос жаттығуларды, үш нотадан форшлагты, парактан оқудың 4-6 жаттығулары, 5-7 этюдті меңгереді.

68. 4 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Кіші барабанға арналған жаттығулар.

2-тақырып. Орындаушылық аппаратты жетілдіру бойынша жұмысты әрі қарай жалғастыру: мажорлық және минорлық гаммалар,

тура қозғалыстағы екі негізгі үндестіліктегі бір белгіге дейін қоса алғандағы үш дыбыстылық арпеджио. Этюдтерді, пьесаларды жаттау.

3-тақырып. Музыканы тыңдау. Соқпалы аспаптарда ойнайтын атақты орындаушылардың шығармашылығымен танысу. Шығармаларды талдау.

4-тақырып. Кіші барабан. Кіші барабанға арналған ритмдік жаттығулар. Темппен, барабанды екі таяқшамен кезекпен жылдам ұрып ойнауға көшу және алғашқы қарқынға келу арқылы «Қос соққы» жаттығулары. Мөлшері 3/8, 6/8. Екі этюд. Фортепианомен екі пьеса.

5-тақырып. Ансамбльде, оркестрде ойнау.

6-тақырып. 9/8, 12/8 мөлшеріндегі жаттығулар. Триоли. В. Осадчуктың I дәптерінен екі этюд. Ньюанстарға жаттығулар: пиано, меццесорто, форте, крещендо, димидуэндо. Үш нотадан форшлаг.

7-тақырып. Кіші барабандардарға арналған этюдтер. Ойнау техникасын дамыту. 6 этюд.

8-тақырып. Шығармалармен жұмыс. Орындалатын шығарманы, талдап, қатесін түзеп, мәтінді нақты орындай білу.

9-тақырып. Түрлі сипаттағы пьесаларды жаттау.

10-тақырып. Парақтан оқу. Оркестрлік партиялардың парақтан ноталарды оқу дағдыларын дамыту.

11-тақырып. Тремоло тәсілдерін иелену. Қайталанған соққылар мен кері серпілістерді жаттықтыру (отдробки).

12-тақырып. Ксилофон: мажорлық және минорлық гаммалар, тура қозғалыстағы екі негізгі үндестіліктегі төрт белгіге дейін қоса алғандағы үшдыбыстылық арпеджио. Жеделдетумен, Барабанды екі таяқшамен кезекпен жылдам ұрып ойнауға көшу және алғашқы қарқынға келу арқылы «Қос» жаттығулары.

13-тақырып. Тремолоны орындау әдістері. Ансамбльдегі орындалатын пьесаларды қоса алғанда жаттығуларды, этюдтерді, пьесаларды жаттау.

14-тақырып. 3/8, 6/2 мөлшердегі «қос» жаттығуларын кіші барабанда жаттау. Үш нотадан форшлаг, триольді және дуольді ритмді бір-бірімен байланыстырып одан әрі меңгеру.

15-тақырып. Табақтарда, үлкен барабандарда, дабылда, үшбұрышта ойнау тәсілдерін меңгеру.

69. 4 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

4 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) талаптарға сәйкес негізгі музыкалық терминдерді біледі;

2) оркестрлік партиялардың парақтан оқу дағдыларын дамытады;

3) табактарда, үлкен барабандарда, дабылда, үшбұрышта ойнау тәсілдерін біледі;

4) ксилофонда мажорлық және минорлық гаммаларды, тура қозғалыстағы және екі октавадағы айналымдағы барлық үлесімділіктегі үшдыбыстылық арпеджионы, ансамбльдегі пьессаларды қоса алғанда этюдтерді, пьессаларды орындайды;

5) кіші барабанда түрлі ритмдік ара қатынастағы триольді және двуольді ритмдерде орындайды, триольді жылдамдатумен әр қолмен үш соққыдан «барабанды екі таяқшамен кезекпен жылдам ұрып» орындауды дамытуды жалғастыру үшін, $3/8$, $6/8$ мөлшердегі қос жаттығулар, үш нотадан, жаттығудан, этюдтан форшлаг;

6) табактарда, үлкен барабандарда, дабылда, үшбұрышта ойнау тәсілдерін біледі.

70. 5 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) барабанда ойнау аппаратын одан әрі жетілдіру. Қос жаттығулар, түрлі ньюанстардағы барабанды екі таяқшамен кезекпен жылдам ұрып ойнау. Ксилофондағы гаммалар. Соқпалы аспаптарда ойнаудың техникалық дағдыларын дамыту;

2) ноталарды парақтан оқу дағдысын одан әрі дамыту;

3) мажорлық және минорлық гаммалар, барлық үндестіліктегі үшдыбыстылық және арпеджио, 6-8 этюдтер мен жаттығулар, 5-7 пьессалар айналымдарымен доминантсептаккордтар мен кішірейтілген септаккордтар;

4) триольдердің, квартольдердің, квинтольдердің, секстольдердің, форшлагтардың түрлі нұсқалары, «фортеға» дейінгі ньюанстармен «барабанды екі таяқшамен кезекпен жылдам ұрып ойнау», 10-15 этюдтер ырқақтық байланысы.

71. 5 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Кіші барабанда «барабанды екі таяқшамен кезекпен жылдам қос соққыларды ұру» жаттығулары. Орындаушылық аппараттарды одан әрі жетілдіру. Қос соққыларға арналған жаттығулар, түрлі ньюанстардағы барабанды екі таяқшамен кезекпен жылдам ұрып ойнау.

2-тақырып. Кіші барабандар үшін этюдтер. 1 дәптер. Ксилофондағы гаммалар. Соқпалы аспаптарда ойнаудың техникалық дағдыларын дамыту.

3-тақырып. Ксилофон. Тура қозғалыстағы үшдыбысты мажорлық пен минорлық (үйлесімді, сазды), арпеджио және 6 белгіге дейін қоса алғанда айналысы екі октавадан.

4-тақырып. Кіші барабанға, қоңырау және ксилофонға арналған шығармалармен жұмыс. кіші барабан үшін фортепианомен шығармалар, ксилофон үшін пьессалар, қоңыраулар үшін пьессалар.

5-тақырып. Шығармалар образдарымен жұмыс.

6-тақырып. Парақтан оқу, ансамбльде, оркестрде ойнау. Ансамбльдегі пьессалар, оркестрдегі пьессалар.

7-тақырып. Тремоло тәсілдерін меңгеру. Соқпалы құралдарда ойнау. Кіші барабанда (отдробки) қайталанған соққылар мен кері серпілістерді жаттықтыру.

8-тақырып. Соқпалы құралдар.

9-тақырып. Қорытынды емтиханға дайындық.

72. 5 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

5 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) мажорлық және минорлық гаммаларды, барлық үндестіліктегі үшдыбыстылық және арпеджио, айналымдарымен доминантсептаккордтар және кішірейтілген септаккордтарды, этюдтерді, жаттығуларды, пьессаларды орындай алады;

2) кіші барабанда триольдердің, квартолбдердің, квинтольдердің, секстольдердің, форшлагтардың түрлі нұсқаларын, «пианодан» «фортеға» дейінгі ньюанстардағы «барабанды екі таяқшамен кезекпен жылдам ұрып» орындай алады.

73. Білім беру бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

Түлек:

- 1) отандық, шетелдік композиторлардың шығармашылығын;
- 2) соқпалы аспаптардың көркемдік орындаушылық мүмкіндіктерін;
- 3) музыкалық жанрларды және негізгі стильдік бағыттарды;
- 4) түрлі жанрдағы музыкаларды;
- 5) әлемдік музыкалық мәдениеттің үздік үлгілерін;
- 6) музыкалық сауат негіздерін;
- 7) музыка өнерінде қолданылатын музыкалық көркемдіктің негізгі құралдарын;
- 8) жиі қолданылатын музыкалық терминдерді;
- 9) бағдарлама талаптарына сәйкес түрлі стильдер мен жанрдағы шығармалардан тұратын соқпалы аспаптар арналған репертуарды біледі.

86. Түлек:

- 1) соқпалы аспаптарда түрлі жанрдағы және стильдегі музыкалық шығармаларды өз бетінше үйренуді;
- 2) соқпалы аспапта оңай музыкалық шығармаларды жаттау кезінде техникалық қиындықтарды өз бетінше жеңуді;
- 3) соқпалы аспапта музыкалық шығармаларды орындау кезінде көркем бейнені құруды;
- 4) үйренген музыкалық шығармаларды сауатты орындауды;
- 5) музыкалық шығарма мәнмәтінінде мәнерлеу құралдарының рөлін түсіндіре отырып, ноталық мәтінді талдауды;

- 6) соло, ансамбльде және оркестрде ойнауды;
- 7) дыбыстық техникамен жұмыс жасауды;
- 8) соқпалы аспаптардың тембрлік алуан түрін қолдануды біледі.

87. Түлекте:

1) авторлық мәтінді барынша сенімді жеткізуге арналған соқпалы аспаптардың көптеген мүмкіндіктерін қолдануға мүмкіндік беретін орындаушылық білім, білік, дағдылар кешені, әртүрлі кезеңдердің, стильдегі, бағыттағы, жанрдағы және формадағы музыкалық шығармалардан құралған репертуарды өз бетінше жинақтау;

2) музыкалық шығармаларды парақтан оқу білігі, жеңіл музыкалық шығармаларды есту бойынша теру және оқу

3) ансамбльде ойнау негіздері;

4) білім алушының көркемдік талғамы;

5) мәнерліктің музыкалық-орындаушылық құралдарын қолдану дағдылары;

6) есту қабілетін бақылауды тәрбиелеу және орындау процесін басқара білігін;

7) мәнерліктің музыкалық-орындаушылық құралдарын қолдану дағдылары, орындалатын шығармаларға талдау жасау, әртүрлі орындау техникасының түрін иелену, көркемдігі жағынан ақталған техникалық тәсілдерді қолдану бойынша дағдысы;

8) орындалатын шығармаларды теориялық талдау дағдысы;

9) жеке орындаушы ретінде концертке дайындық жұмыс дағдысы;

10) ұжымдық шығармашылық қызметі дағдылары қалыптасқан.

74. Үлгерімді бақылаудың мақсаты білім алушының білім беру бағдарламасын игерудегі нәтижелілігін анықтау болып табылады.

Музыкалық білімге оқыту нәтижелерін бақылау өлшемшарттары пән бойынша ағымдық үлгерім нәтижелерінен және концерттік көрсетілімдерден алған бағаларынан тұрады.

Білім алушылардың бағдарламаны игеруін бақылау жұмысы, техникалық сынақ түрінде, қорытынды аттестаттау – бітіру емтиханы түрінде іске асырылады.

75. Аттестаттау формасы және білім алушылардың сыныптар бойынша көрсетілімдеріне қойылатын бақылау-бағдарламалық талаптары:

1 сынып – төртінші тоқсанда: бақылау жұмысы (ксилофон: мажорлық және минорлық гаммалар, екі белгіні қоса алғанға дейінгі екі октавадағы үшдыбысты арпеджио, 4-6 жаттығу, этюд, 4-6 пьеса, ансамбльдік шығармаларды қоса алғанда, кіші барабан: жеңіл жаттығулар);

2 сынып – үшінші тоқсанда: бақылау жұмысы (ксилофон: мажорлық және минорлық гаммалар, екі белгіні қоса алғанға дейінгі екі

октавадағы үшдыбысты арпеджио, 4-6 жаттығу, этюд, 2-3 пьеса, ансамбльдік шығармаларды қоса алғанда, кіші барабан: жеңіл жаттығулар), төртінші тоқсанда: бақылау жұмысы (ксилофон: мажорлық және минорлық гаммалар, үш белгіні қоса алғанға дейінгі үш октавадағы үшдыбысты арпеджио, 4-6 жаттығу, этюд, 2-3 пьеса, ансамбльдік шығармаларды қоса алғанда, кіші барабан: жеңіл жаттығулар);

3 сынып – төртінші тоқсанда: бақылау жұмысы (ксилофон: мажорлық және минорлық гаммалар, қос соққылармен (қарапайым) ойнаудағы үш белгіге дейін үш октавадағы үшдыбыстық айналымдағы арпеджио, 4-6 жаттығу, этюд, 2-3 пьеса, кіші барабан: жаттығулар (қостан әр қолға үш соққыдан), төртінші тоқсанда: бақылау жұмысы (ксилофон: мажорлық және минорлық гаммалар, *allegro* темпінде қоспен соққымен ойнау, (пиано және форте) триольді негізде жаттығулар, үш белгіге дейін үш октавадағы үшдыбыстық айналымдағы арпеджио, кіші барабан: қос соққылар, триоль және әр қолмен төрт соққыдан ұруға арналған жаттығулар (қалыпты ойнай алады), 4-6 жаттығу, этюд, 2-3 пьеса, оның ішінде ансамбльдік шығармалар);

4 сынып – үшінші тоқсанда: бақылау жұмысы (ксилофон: мажорлық және минорлық гаммалар, үш нотадан, төрт нотадан ойнау, диатоникалық мәнер бойынша жоғары 4 белгіге дейін үш октавадан үш дыбыстық айналымдағы арпеджио, 4-6 жаттығу, этюд, оның ішінде 1 этюдті жатқа орындау, аккомпанементпен орындалатын 2-3 пьеса, ансамбльдік шығармаларды қоса алғанда), төртінші тоқсанда: техникалық сынақ (ксилофон: мажорлық және минорлық гаммалар, төрт белгіге және соңына дейін үш октавадан үш дыбыстық айналымды арпеджио, соқпалы қондырғыда ойнау: 1 және 2 жаттығу);

5 сынып – үшінші тоқсанда: техникалық сынақ (ксилофон: мажорлық және минорлық гаммалар, бес белгіге дейін *viva*-ға (тез) дейін қосылады үш октавадағы үш дыбыстық айналымдағы арпеджио, соқпалы қондырғыда ойнау: қарапайым ритмдер: 3, 4 жаттығу, кіші барабан: ноталарды парақтан оқу), төртінші тоқсанда: бітіру емтиханы (мажорлық және минорлық бір гамма (үйлесімді және сазды), үш дыбысты арпеджио, төрт белгіге дейінгі екі октавадан тура қозғалыстағы және айналымдағы септаккордтар).

76. Педагог білім алушының жұмысын бағалау кезінде келесі өлшемшарттарды ескереді: білім алушының аспапты тиісті деңгейде меңгергенін көрсетуі, көркем бейнені толық және сенімді ашуы, орындалатын шығарманың стилін түсінуі және орындаушылық интерпретацияда көрсетуі, кәсіби терминдерді, репертуарды, оның ішінде ансамбльдік репертуарды білуі, орындалатын шығармалардың көркемдік бейнесі мен стилін жеткізу үшін аспапты меңгерудегі

жеткілікті техникалық деңгейі, музыкалық шығарманы жеке, ансамбльде/оркестрде, соқпалы аспапта сауатты орындауы.

77. Бағалау өлшемшарттары.

1) «өте жақсы» бағасы – көркемдік жағынан мағыналы, техникалық жағынан мәтіндік кемшіліксіз сапалы орындауы, оқытудың осы кезеңінің талаптарына сәйкес келетін орындаушылық техникасын, мәнерлік құралдарын меңгеруі;

2) «жақсы» бағасы – көркемдік-музыкалық жеткізуі анық сауатты орындауы, бірақ көркемдік, сондай-ақ техникалық жағынан біраз кемшіліктерінің болуы;

3) «қанағаттанарлық» бағасы – көптеген кемшіліктермен орындауы (сәтсіз мәтін, техникалық дамунда, аппаратында ақаулардың болуы, орындалған шығарманың көркем бейнесі туралы түсініктің аздығы);

4) «қанағаттанарлық емес» бағасы – бағдарламаны жиі үзіліспен, жаттанды мәтіндік қателермен, үй тапсырмасының үнемі орындалмағандығының салдарынан көлемін толық ашпауы;

5) «Сынақ» (баға қойылмайды) – орындауы оқытудың аталған кезеңінің тиісті деңгейіне сәйкес.

**Образовательная программа по предмету «Ударные инструменты»
детских музыкальных школ и музыкальных отделений
детских школ искусств**

1. Образовательная программа по предмету «Ударные инструменты» для детских музыкальных школ и музыкальных отделений школ искусств (далее - Программа) определяет единый комплекс основных характеристик образования, включающий цель, результаты и содержание обучения, организацию образовательного процесса, способы и методы их реализации, критерии оценки результатов обучения по предмету «Ударные инструменты».

2. В настоящей программе используются следующие понятия:

1) ада́жио – медленный музыкальный темп, вторая степень главных музыкальных движений, более быстрый, чем ларго (самый медленный темп), но медленнее анданте;

2) анданте – музыкальный термин, в музыке им обозначают скорость, с которой должно воспроизводиться музыкальное произведение, и соответствует темпу в диапазоне от 76 до 108 ударов в минуту, располагается посередине между адажио и модерато;

3) аппликатура – порядок расположения и чередования пальцев при игре на музыкальном инструменте;

4) арпеджио – способ исполнения аккордов на фортепиано, некоторых клавишных (ксилофон, виброфон) и струнных инструментах, при котором звуки аккорда следуют один за другим;

5) арпеджио – способ исполнения аккордов на фортепиано, некоторых клавишных (ксилофон, виброфон) и струнных инструментах, при котором звуки аккорда следуют один за другим;

6) дробь – приём игры на барабане - быстрая смена ударов палочками;

7) вибрато (тремоляция) – периодические изменения высоты, силы (громкости) или тембра музыкального звука или пения. В струнных инструментах вызывается колебаниями пальца.

8) глиссандо – музыкальный термин, штрих, означающий плавное скольжение от одного звука к другому; даёт колористический эффект;

9) димидуэндо – музыкальный термин, обозначающий постепенное уменьшение силы звука;

